«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Алпамыс» коммунального государственного учреждения «Отдел образования города Петропавловска» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области»

БҰЙРЫҚ

«05» 01 2025ж №19– ж/қ

«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру туралы»

«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылсын.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамына мына тұлғалар енгізілсін:

М.Т. Касенова - Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы, М. Қозыбаев атындағы СҚУ «Бастауыш, мектепке дейінгі және арнайы білім беру» кафедрасының аға оқытушысы.

Білім беру саласында қызмет ететін қоғам өкілі:

Б.М. Габдуллина – педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, «Білім берудегі әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ директорының орынбасары;

А.Т. Саримова– Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, И.М.Жұмабаев атындағы жоғары колледжі, педагог;

Қалалық білім бөлімінің өкілі:

С.З. Рахметова - Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, мектепке дейінгі тәрбие мен тәрбиеші секторының әдіскері;

Мектепке дейінгі ұйымның өкілі:

А.К. Сексембаева – «Сәуле» бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісі;

Зейнеткер ұстаз:

Г.С . Жаманбаева- Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, педагог.

Педагог:

Р.С. Сугурбаева - педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, тәрбиеші.

3. А.Е. Коспакаева Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің хатшысы болып тағайындалсын.
4. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің құрамы, педагогикалық әдеп жөніндегіереже бекітілсін.
5. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші **М.К.Сабитова**

Бұйрықпен таныстым:
Габдуллина Б.М.
Рахметова С.З.
Касенова М.Т.
Саримова А.Т.
Жаманбаева Г.С.
Сексембаева А.К.
Сугурбаева Р.С.
Коспакаева А.Е.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Алпамыс» коммунального государственного учреждения «Отдел образования города Петропавловска» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области»

БҰЙРЫҚ

«12» 09 2026 ж № 22-ж/қ

«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру туралы» бұйрыққа өзгеріс енгізу туралы

«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру туралы» 2025 жылғы №29 бұйрыққа мынадай өзгеріс енгізілсін:

Бұйрықтың кеңес мүшелерінің құрамына қатысты тармағындағы:
«Б.М. Ғабдуллина – педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, «Білім берудегі әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ директорының орынбасары» деген сөздер,
«Б.М. Ғабдуллина – педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, «Қызылжар дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» КММ директоры» деген редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші **М.К.Сабитова**

Бұйрықпен таныстым:
Габдуллина Б.М.

«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК
Педагогикалық кеңесте
келісілді хаттама №1
«28» тамыз 2025ж.

БЕКІТЕМІН:
«Алпамыс» бөбекжай -бақшасы»
МКҚК меңгерушісі
_____ М.К.Сабитова

2025- 2026 оқу жылына арналған
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары

Жалпы мақсаты: балабақша қызметкерлерінің әдептілік мәдениетін арттыру. Балалар мен ата-аналарға жағымды тәрбие беру үлгісін көрсету. Ұжымда сыйластық пен ынтымақтастықты нығайту. Білім сапасын жақсарту және жас ұрпақты тәрбиелеу үшін педагог қызметкерлердің ата-аналармен кәсіби өзара қарым – қатынастарын реттеу.

Міндеттері:

1. Педагогтардың кәсіби әдеп мәдениетін қалыптастыру және жетілдіру. Педагогтардың кәсіби қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Педагогикалық әдеп қағидаларын және жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарды басшылыққа алуына ықпал ету.
2. Педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуына мониторинг жүргізу. Білім беру процесінің барлық қатысушыларымен (тәрбиеленушілер, ата-аналар, әріптестер, әкімшілік) қарым-қатынаста педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына жүйелі бақылау ұйымдастыру және алдын алу жұмыстарын жүргізу.
3. Ұжымда корпоративтік мәдениетті дамыту. Педагогтар мен мектепке дейінгі ұйымның барлық қызметкерлері арасында өзара құрметке, ынтымақтастыққа, жауапкершілікке және кәсіби этикаға негізделген жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру, ұйымның оң имиджін нығайту.
4. Педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Педагогикалық әдеп қағидалары және білім беру саласындағы өзге де нормативтік-құқықтық актілер талаптарының орындалуын түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

№	Отырыс тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуына байланысты туындаған жанжалды жағдайларды қарастыру және реттеу.	Өтініштер келіп түскен сайын	Кеңес мүшелері
2	Педагогикалық әдеп және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту, 2025-2026 оқу жылына арналған жоспарын куру. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	тамыз-қыркүйек	Кеңес мүшелері
3	Жаңадан келген қызметкерлер мен жас мамандарды ҚР Іскерлік әдеп	Жыл бойы	Меңгерушісі М.К. Сабитова,

	қағидаларын және ҚР педагогикалық әдеп қағидаларын қолдану саласындағы педагогикалық әдеп қағидаларымен таныстыру.		педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері
4	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің өткізілген іс-шаралары туралы ата-аналар мен қоғамдастықты, оқушыларды мерзімді хабардар ету.	Жыл бойы	Меңгерушісі М.К. Сабитова, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері
5	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы.** **Күн тәртібінде:** 1. Педагогикалық этика кеңесінің жылдық жоспарымен таныстыру 2. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау педагогикалық әдеп кеңесінің. 3. Педагог және ата-ана арасындағы әдеп.	2025 ж.01.09.	Меңгерушісі М.К. Сабитова, әдіскер А.Е. Коспакаева, педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері
6	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы .** **Күн тәртібінде:** 1. Жеке фотосуреттер мен бейнероликтерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2. Педагогикалық әдеп пен педагогикалық тактика. 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.	2025 ж.22.12.	Меңгерушісі М.К. Сабитова, әдіскер А.Е. Коспакаева, педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері, педагогтар
7	**Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы.** **Күн тәртібінде:** 1. Тәрбие-білім беру процесінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындысы. 2. «Педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» тақырыбындағы семинар-тренинг. 3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы қызметіне талдау.	2026 ж.19.05.	Меңгерушісі М.К. Сабитова, әдіскер А.Е. Коспакаева, педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері, педагогтар

«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
МКҚК-нің педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесі отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: 2025 ж.01.09.
Өткізу түрі: дөңгелек үстел
Қатысқандар: 8
Б.М Габдуллина
С.З.Рахметова
М.Т.Касенова
А.Т.Саримова
Г.С.Жаманбаева
А.К.Сексембаева
Р.С Сугурбаева
Меңгеруші М.К. Сабитова
Әдіскер А.Е.Коспакаева

КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің жылдық жоспарымен таныстыру.
   Жауапты: педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова.
2. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау педагогикалық әдеп кеңесі. **Жауапты:** педагогикалық әдеп кеңес төрағасы М.Т. Касенова.
3. Педагог және ата-ана арасындағы әдеп. **Жауапты:** кеңестің мүшесі А.К. Сексембаева.

1.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова тыңдалды: 2025 жылға арналған педагогикалық әдеп кеңес жоспарымен таныстырды. Балабақшада педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша құрылған кеңес өз қызметін «Білім туралы» Қазақстан Республикасында жүзеге асырады, «Мұғалімнің мәртебесі туралы» заңдар, осы Ереже, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес объективтілік пен әділдік, этиканы, қоғамдық пікірді және ашықтықты ескеруі керек. Жеке және заңды тұлғалар мұғалімдердің педагогикалық әдепті сақтауына қатысты білім беру ұйымның педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жүгіне алады. Білім беру ұйымдарындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес педагогтердің педагогикалық этиканы сақтау мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», Педагог мәртебесі 11 мамырдағы ҚР БҒМ «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» № 190 бұйрық өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір және ол жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алатынын атап өтті. Күнтізбелік жылға жоспар құра отырып, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес ұйымдастырылған. Қаңтардан желтоқсанға дейінгі іс-шараларымыз жыл соңында талқыланады, алдағы Жаңа жылға арналған жаңа жоспар құрылады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі Б.М. Ғабдуллина сөз сөйлеп: Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан- жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі А.Т. Саримова сөз сөйлеп: жылдық жоспарда педагогикалық әдеп нормаларын сақтау және оны бұзушылықтың алдын-алуға бағытталған іс-шаралар жоспарын қарастырды. Еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу педагогикалық кеңестің басты міндеті болып табылады. Сол себепті кеңестің жұмыс тәртібінің алға қойған мақсат міндеттерінің орындалуын қатаң бақылауға алу қажет.

ҚАУЛЫ: Кеңестің жұмыс тәртібінің алға қойған мақсат міндеттерінің орындалуы қатаң бақылауға алынсын. Жылдық жоспарда қарастырылған іс-шаралар жоспары жыл бойына толықтай орындалсын. **Жауапты:** педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова. **Мерзімі:** ағымдағы оқу жылы ішінде.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық әдеп кеңес төрағасы Мадина Тумырзаевна Касенова: мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша құрылған Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагогтің мәртебесі туралы» заңдарына, осы Ережеге, басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділеттілік, этика, қоғамдық пікір мен ашықтықты ескеруі тиіс. Жеке және заңды тұлғалар педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауына қатысты білім беру ұйымының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жүгіне алады.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесін қарастыру кезінде педагогтың құқықтары қарастырылып отырған мәселе туралы жазбаша ақпарат алу; қарастырылып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысу; өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен жеке өзі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өкіл арқылы қорғау; жазбаша шешім қабылдау; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданған шешімге шағымдану құқықтарына ие.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі С.З. Рахметова педагогтарға педагогикалық әдепті сақтау бойынша ақпараттар беріліп отыратынын айтып кетті.

ҚАУЛЫ: Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. **Жауаптылар:** педагогикалық кеңестің мүшелері **Мерзімі:** үнемі.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

3.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі А.К. Сексембаева сөз сөйлеп:

- Педагог ата-аналармен әңгімелесу кезінде педагогикалық әдеп нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Балабақшада чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде әдеп нормаларын ұстанға кеңес берді.

Ұстаз әдебі – педагог пен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық әдеп – ұжым ішінде, педагогтар арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныбында табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, қосымша білім беру ұйымдары, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

ҚАУЛЫ: Педагогтармен педагогикалық әдеп нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін. **Жауапты:** педагогтар. **Мерзімі:** ағымдағы оқу жылы ішінде.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Кеңестің жұмыс тәртібінің алға қойған мақсат міндеттерінің орындалуы қатаң бақылауға алынсын. Жылдық жоспарда қарастырылған іс-шаралар жоспары жыл бойына толықтай орындалсын. **Жауапты:** педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова.**Мерзімі:** ағымдағы оқу жылы ішінде.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. **Жауаптылар:** педагогикалық кеңестің мүшелері **Мерзімі:** үнемі.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

3. Педагогтармен педагогикалық әдеп нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін. **Жауапты:** педагогтар. **Мерзімі:** ағымдағы оқу жылы ішінде.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы:_____

Хатшы: _____

«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
МКҚК-нің педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесі отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: 2025 ж. 22.12.
Өткізу түрі: ZOOM конференция
Қатысқандар: 8
Б.М Габдуллина
С.З.Рахметова
М.Т.Касенова
А.Т.Саримова
Г.С.Жаманбаева
А.К.Сексембаева
Р.С Сугурбаева
Меңгеруші М.К. Сабитова
Әдіскер А.Е.Коспакаева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнероликтерді көпшілік алдында жариялау кезінде әдеп нормаларын сақтау. **Жауапты:** кеңес мүшесі .Г.С. Жаманбаева
2. Педагогикалық әдеп пен педагогикалық тактика. **Жауапты:** кеңес мүшесі . Р.С. Сугурбаева
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. **Жауапты:** педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова.

1.
ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі .Г.С. Жаманбаева :
Педагог – балабақша айнасы. Сондықтан педагог қандай кезде де, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде тәрбиеші деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да педагог екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттерін қойған жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікіріңді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек.

Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын балалардың, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту кажет.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

ҚАУЛЫ: Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде әдеп нормаларын сақтау назарға алынсын. **Жауапты:** педагогтар.
Мерзімі: ағымдағы оқу жылы ішінде.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2.

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі Р.С. Сугурбаева тыңдалды:
Педагогикалық әдеп – педагог әрбір нақты жағдайда балаларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке балалар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі С.З. Рахметова: педагог балаларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, сақ, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде үстемдік етеді, балалар тапсырмаларды орындамайды, айтқан ақылды тыңдамайды, шындығына келгенде оны сыйламайды. Мұндай педагогті әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда педагогтің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

ҚАУЛЫ: Педагогтың педагогикалық әдебін сақтауда педагогтың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін, құқықтық шара өткізілсін. **Жауапты:** педагогтар.
Мерзімі: ағымдағы оқу жылы ішінде.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

3.

ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші сұрақ бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова: Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. «Педагогке керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік», — деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі.

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзіреттілікті меңгерту – болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Егер педагог өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз тәрбиелеп отырған балалар қызығушылық танытады, сонда ғана олар педагогтерін есте сақтап, бағалаг құрметтейді.

ҚАУЛЫ: Педагогтар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру үшін іс-шаралар өткізілсін. **Жауапты:** педагогтар. **Мерзімі:** тұрақты.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын. **Жауапты:** педагогтар. **Мерзімі:** ағымдағы оқу жылы ішінде.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0
2. Педагогтың педагогикалық әдебін сақтауда педагогтың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін, құқықтық шара өткізілсін. **Жауапты:** педагогтар. **Мерзімі:** ағымдағы оқу жылы ішінде.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0
3. Педагогтар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру үшін іс-шаралар өткізілсін.**Жауапты:** педагогтар. **Мерзімі:** тұрақты.
«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы:_____
Хатшы: _____

«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
МКҚК-нің педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесі отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: 2026 ж. 19.05.
Өткізу түрі: дөңгелек үстел
Қатысқандар: 8
Б.М Габдуллина
С.З.Рахметова
М.Т.Касенова
А.Т.Саримова
Г.С.Жаманбаева
А.К.Сексембаева
Р.С Сугурбаева
Меңгеруші М.К. Сабитова
Әдіскер А.Е.Коспакаева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Тәрбие-білім беру процесінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындысы. **Жауапты:** педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова.
2. «Педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» тақырыбындағы семинар-тренинг. **Жауапты:** кеңес мүшесі Р.С. Сугурбаева.
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы қызметіне талдау. **Жауапты:** педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова.

1.
ТЫҢДАЛДЫ:
Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова: оқу жылы ішінде педагогтардың тәрбиеленушілермен, ата-аналармен, әріптестерімен және әкімшілікпен өзара қарым-қатынасында педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуына жүргізілген мониторинг нәтижелерімен таныстырды.
Мониторинг барысында педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауы, қызметтік мәдениеті, сөйлеу әдебі, ресми және әлеуметтік желілердегі мінез-құлқы, ата-аналармен қарым-қатынасы зерделенгені айтылды.
Жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша педагогикалық әдеп нормаларын бұзу фактілері анықталмағаны, ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқаны және педагогтардың кәсіби мәдениеті жоғары деңгейде екені атап өтілді.
СӨЗ СӨЙЛЕДІ:
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі С.З.Рахметова: мониторинг нәтижелері педагогтардың педагогикалық әдеп қағидаларын жауапкершілікпен орындайтынын көрсеткенін айтып, алдағы уақытта да алдын алу және түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізуді ұсынды.
ҚАУЛЫ:

1. Тәрбие-білім беру процесінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындысы назарға алынсын.

2. Педагогтардың кәсіби әдеп талаптарын сақтау бойынша профилактикалық және түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Әлеуметтік желілерде педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына тұрақты мониторинг жүргізілсін. **Жауаптылар:** педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, әдіскер А.Е. Коспакаева, кеңес мүшелері. **Мерзімі:** тұрақты.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі Р.С. Сүгурбаева «Педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» тақырыбында семинар-тренинг өткізді. Семинар барысында педагогтің кәсіби әдебі, педагогикалық такт, қызметтік қарым-қатынас мәдениеті, кәсіби жауапкершілігі және педагогтің жағымды имиджін қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

Практикалық бөлімде қатысушылар жағдаяттық тапсырмалар орындап, педагогикалық әдепке қатысты түрлі жағдайларды талдап, тәжірибе алмасты.

ҚАУЛЫ:

1. Семинар-тренинг материалдары педагогтардың күнделікті кәсіби қызметінде басшылыққа алынсын.
2. Жас педагогтер үшін педагогикалық әдеп мәселелері бойынша тәжірибе алмасу және тәлімгерлік жұмыстар ұйымдастырылсын.
3. Педагогтардың кәсіби мәдениетін жетілдіруге бағытталған семинарлар мен тренингтер келесі оқу жылында да жалғастырылсын.

Жауаптылар: әдіскер А.Е. Коспакаева, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері. **Мерзімі:** 2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

3.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысына талдау жасады.

Өз баяндамасында кеңестің барлық отырыстары жылдық жоспарға сәйкес өткізілгенін, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бағытында түсіндіру, кеңес беру, мониторинг және профилактикалық жұмыстардың жүйелі жүргізілгенін атап өтті.

Жыл қорытындысы бойынша бөбекжай қызметкерлері тарапынан педагогикалық әдеп нормаларын бұзу жағдайлары тіркелмегені айтылды. Кеңес жұмысы өз мақсаты мен міндеттерін толық орындағаны атап өтілді.

ҚАУЛЫ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын.
2. 2026–2027 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары әзірленіп, жаңа оқу жылының алғашқы отырысында бекітілсін.
3. Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және корпоративтік мәдениетті нығайту бағытындағы жұмыстар тұрақты жалғастырылсын.

4. Педагогикалық кеңестің қорытынды отырысында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша әдістемелік ұсынымдар берілсін.

Жауаптылар: педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері. **Мерзімі:** 2025 жылғы тамыз айындағы қорытынды педагогикалық кеңеске дейін және 2025- 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу барысында.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1.

1. Тәрбие-білім беру процесінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындысы назарға алынсын.
2. Педагогтардың кәсіби әдеп талаптарын сақтау бойынша профилактикалық және түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Әлеуметтік желілерде педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына тұрақты мониторинг жүргізілсін.

Жауаптылар: педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, әдіскер А.Е. Коспакаева, кеңес мүшелері. **Мерзімі:** тұрақты.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2.

1. Семинар-тренинг материалдары педагогтардың күнделікті кәсіби қызметінде басшылыққа алынсын.
2. Жас педагогтер үшін педагогикалық әдеп мәселелері бойынша тәжірибе алмасу және тәлімгерлік жұмыстар ұйымдастырылсын.
3. Педагогтардың кәсіби мәдениетін жетілдіруге бағытталған семинарлар мен тренингтер келесі оқу жылында да жалғастырылсын.
4. **Жауаптылар:** әдіскер А.Е. Коспакаева, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері. **Мерзімі:** 2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

3.

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын.
2. 2026–2027 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары әзірленіп, жаңа оқу жылының алғашқы отырысында бекітілсін.
3. Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және корпоративтік мәдениетті нығайту бағытындағы жұмыстар тұрақты жалғастырылсын.
4. Педагогикалық кеңестің қорытынды отырысында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша әдістемелік ұсынымдар берілсін.

Жауаптылар: педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы М.Т. Касенова, кеңес мүшелері. **Мерзімі:** 2025 жылғы тамыз айындағы қорытынды педагогикалық кеңеске дейін және 2025- 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу барысында.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы:_____

Хатшы: _____